

**Май ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 мамырдағы "Май ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" № 138/5 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 2 қарашадағы № 303/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қарашада № 4800 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңы 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі “Білім туралы” Заңы 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Май ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 мамырдағы “Май ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы” № 138/5 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4494 болып тіркелген, 2015 жылғы 6 маусымындағы "Шамшырақ" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми түрде жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*Д. Сейітқазин*

Май ауданы әкімінің  
2015 жылғы "2" қарашадағы  
№ 303/11 қаулысына  
қосымша

**Май ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

P/с №	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемелерінің атаулары	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	тәрбиеленушіге а й ы н а жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)	Мемлекеттік қаржыландырудың айлық өлшемі, теңге	Ата-аналардың айлық төлем ақысы, теңге
1	2	3	4	5	6
1.	Май ауданы әкімдігінің Көктүбек селолық округі әкімі аппаратының “Ақбота бөбектер бақшасы” мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	7 0 (республикалық бюджет)	6804	31073	1-ден 3 жасқа дейін - 6400; 3-тен 7 жасқа дейін - 6800
2.	Май ауданы әкімдігінің, Кеңтүбек селолық округі әкімі аппаратының “Қарлығаш бөбектер бақшасы” мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	5 0 (республикалық бюджет)	6405	32862	1-ден 3 жасқа дейін - 6000; 3-тен 7 жасқа дейін - 6400
3.	Май ауданы әкімдігінің Қаратерек селолық округі әкімі аппаратының “Балбөбек бөбектер бақшасы” мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	7 0 (республикалық бюджет)	6300	23717	1-ден 3 жасқа дейін - 5250; 3-тен 7 жасқа дейін - 6300
4.	Май ауданы әкімдігінің, Көктүбек селолық округі әкімі аппаратының “Айгөлек бөбектер бақшасы” мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	7 0 (республикалық бюджет)	6804	34633	1-ден 3 жасқа дейін - 6400; 3-тен 7 жасқа дейін - 6800
5.	Май ауданы әкімдігінің, Ақшиман селолық округі әкімі аппаратының “Балауса бөбектер бақшасы” мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	3 0 (республикалық бюджет)	6804	19592	1-ден 3 жасқа дейін - 6400; 3-тен 7 жасқа дейін - 6800
6.	Май ауданы әкімдігінің “Балдәурен балабақшасы” мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	4 5 (жергілікті бюджет)	6804	39470	3-тен 7 жасқа дейін – 6800
7.	Май ауданы әкімдігінің, Саты селолық округі әкімі аппаратының “Әйгерім бөбектер бақшасы” мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	2 0 (республикалық бюджет)	6804	62338	1-ден 3 жасқа дейін - 6400; 3-тен 7 жасқа дейін - 6800
8.	Май ауданы әкімдігінің, Май селолық округі әкімі аппаратының “Балдырған бөбектер бақшасы” мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	5 0 (республикалық бюджет)	6804	41692	1-ден 3 жасқа дейін - 6400; 3-тен 7 жасқа дейін - 6800

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК